

**Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі көрсететін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту, Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 маусымдағы № 702 қаулысы.

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .**

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Энергетика министрінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 301 бұйрығын және ҚР Ауыл шаруашылығы министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 18-03/390 бұйрығын қараңыз.

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 3) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2015 № 1108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі және жергілікті атқарушы органдар көрсететін қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 тамыздағы № 1033 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 66, 931-құжат);

2) 1-тармақтың 23) тармақшасын қоспағанда, "Ауыл шаруашылығы саласында мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы және "Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 1108 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2012 ж., № 67, 973-құжат)

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Үкіметінің  
2014 жылғы 26 маусымдағы  
№ 702 қаулысымен  
бекітілген

**"II, III және IV санат объектілер үшін қоршаған ортаға  
эмиссияға рұқсаттар беру"  
мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 01.10.2015 № 808 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 26 маусымдағы  
№ 702 қаулысымен  
бекітілген

**"II, III және IV санаттағы объектілерге мемлекеттік экологиялық  
сараптама қорытындысын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 01.10.2015 № 808 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 26 маусымдағы  
№ 702 қаулысымен  
бекітілген

**"Дәрілік заттарға жатпайтын прекурсорларды әкелуге (әкетуге)  
келісім беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 01.10.2015 № 808 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 26 маусымдағы  
№ 702 қаулысымен  
бекітілген

**"Табиғат қорғау мекемелерінің учаскелерін құрылыс объектілері  
үшін ұзақ мерзімді пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік  
көрсетілетін қызмет стандарты**

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2015 № 1108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 26 маусымдағы  
№ 702 қаулысымен  
бекітілген

**"Табиғат қорғау мекемелерінің учаскелерін қысқа мерзімді пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2015 № 1108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 26 маусымдағы  
№ 702 қаулысымен  
бекітілген

**"Судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстар салынатын жерлерді айқындау жөніндегі ұсыныстарды келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2015 № 1108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 26 маусымдағы  
№ 702 қаулысымен  
бекітілген

**"Судың жай-күйіне әсер ететін кәсіпорындар мен басқа да құрылыстарды орналастыруды және пайдалануға енгізуді келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2015 № 1108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің

2014 жылғы 26 маусымдағы  
№ 702 қаулысымен  
бекітілген

**"Пайдалы қазбаларды, су өсімдіктерін өндіру, кәбілдерді, құбырларды және басқа да коммуникацияларды төсеу, ағаш кесу үшін құрылыс, түбін тереңдету, жарылыс жұмыстарын, сондай-ақ су объектілері, су қорғау белдеулері мен аймақтарда бұрғылау, ауыл шаруашылығы және басқа да жұмыстарды жүргізу туралы құжаттарды келісу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2015 № 1108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 26 маусымдағы  
№ 702 қаулысымен  
бекітілген

**"Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге әкімшілік органның рұқсаттар беруі" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2015 № 1108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 26 маусымдағы  
№ 702 қаулысымен  
бекітілген

**"Сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнгендер санатына жатқызылған өсімдіктер түрлерін Қазақстан Республикасына әкелуге және одан тысқары жерлерге әкетуге рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2015 № 1108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 26 маусымдағы  
№ 702 қаулысымен  
бекітілген

**"Жануарларды интродукциялауды, реинтродукциялауды және будандастыруды жүргізуге рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2015 № 1108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 26 маусымдағы  
№ 702 қаулысымен  
бекітілген

**"Облыстың жергілікті атқарушы органдарының жануарлар дүниесін пайдаланушыларға аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру мен аңшылық және балық шаруашылықтарының қажеттіліктері үшін сервитуттарды белгілеу жөнінде шешімдер қабылдауы" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2015 № 1108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 26 маусымдағы  
№ 702 қаулысымен  
бекітілген

**"Жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 29.12.2015 № 1108 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 07.04.2017 № 179 қаулысымен.

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. "Әкімшілік органның Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге рұқсаттар беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 31 мамырдағы № 705 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2012 ж., № 54, 725-құжат):

1) көрсетілген қаулымен бекітілген Әкімшілік органның Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция қолданылатын жануарлар түрлерін Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге рұқсат беру қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Үлгілерді әкелуге, әкетуге ғылыми қорытынды алу үшін өтінім беруші қағаз нысанында не "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры ақпараттық жүйесінің порталы арқылы электрондық нысанда ғылыми ұйымға мыналарды жібереді:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің (заңды тұлға үшін), сәйкестендіру нөмірімен мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің (дара кәсіпкер үшін), жеке басын куәландыратын құжаттың (жеке тұлға үшін) көшірмелері;

3) үлгісі Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияға 1 және 2-қосымшаларға енгізілген жағдайда, экспорттауға рұқсат немесе кері экспорттауға сертификат.";

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Үлгілерді әкелуге, әкетуге рұқсат алу үшін өтінім беруші қағаз нысанында не "Е-лицензиялау" мемлекеттік дерекқоры ақпараттық жүйесінің порталы арқылы электрондық нысанда әкімшілік органға мыналарды жібереді:

1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) құрылтай құжатының, мемлекеттік тіркеу туралы (заңды тұлға үшін) анықтаманың немесе куәліктің\*, сәйкестендіру нөмірімен мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің (дара кәсіпкер үшін), жеке басын куәландыратын құжаттың (жеке тұлға үшін) көшірмелері;

ескертпе:\* - "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

3) жеке мақсаттарда әкетуді жүзеге асыратын адамдарды қоспағанда, осы әкетуді жүзеге асыру ниетін растайтын экспорттаушы мен импорттаушы арасындағы келісімшарттың немесе шарттың көшірмесі;

4) үлгісі Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенцияға 1 және 2-қосымшаларға енгізілген жағдайда, экспорттауға рұқсаттың немесе кері экспорттауға сертификаттың көшірмесі;

5) ғылыми ұйым қорытындысының көшірмесі;

б) сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар мен бекіре балықтарының түрлерін, сондай-ақ олардың бөліктері мен дериваттарын әкелуге және әкетуге рұқсат беру үшін бюджетке мемлекеттік баж төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.";

9-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Үлгілерді әкелуге әкімшілік органға берілетін өтінішке экспорттауға рұқсаттың немесе кері экспорттауға сертификаттың көшірмесі қоса беріледі.";

10-тармақтың бірінші бөлігінің 2) тармақшасындағы "болған жағдайларда өтініш берушіге рұқсат беруден бас тартылады." деген сөздер "болған;" деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

"3) осы Қағидалардың 4 және 8-тармақтарында көзделген құжаттар топтамасы толық көлемінде ұсынылмаған жағдайларда өтініш берушіге рұқсат беруден бас тартылады.";

көрсетілген Қағидаларға 1 және 2-қосымшалар осы қаулыға 4 және 5-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 3-қосымша осы қаулыға 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. "Мемлекеттік ұлттық табиғи парктерде туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру және туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін пайдалануға берілген мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің учаскелерін құрылыс

объектілері үшін пайдалануға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 7 қарашадағы № 1063 қаулысында:

1) Мемлекеттік ұлттық табиғи парктерде туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру және туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін пайдалануға берілген мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің учаскелерін құрылыс объектілері үшін пайдалануға рұқсат беру қағидаларында:

17-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Тендерлік комиссия мүшелерінің саны тақ, кемінде бес адам болуы тиіс. Тендерлік комиссияның төрағасы болып ұлттық парктің басшысы немесе оны алмастыратын адам, хатшысы болып - комиссияның құрамына кірмейтін ұлттық парктің қызметкері тағайындалады.";

22-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) заңды тұлғалар үшін - жарғының және заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің\* немесе анықтаманың көшірмесі, жеке тұлғалар үшін - жеке басын куәландыратын құжат және дара кәсіпкерді тіркеу туралы куәлік;

ескертпе:\* - "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Уәкілетті орган комиссия хаттамасының негізінде жеті жұмыс күні ішінде тендер жеңімпазына ұлттық парктің учаскесін пайдалануға жазбаша рұқсат (бұдан әрі - рұқсат) береді.";

32-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Шарт жасалып, ол уәкілетті органның аумақтық бөлімшесінде тіркелгеннен кейін тендер жеңімпазы ұлттық парктің учаскесін пайдаланушы (бұдан әрі - пайдаланушы) болып есептеледі.";

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Туризм объектісін салу бөлігінде туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру кезінде пайдаланушы шартты тіркегеннен кейін отыз жұмыс күні ішінде уәкілетті органға ұлттық паркпен келісілген эскизді (эскиздік жобаны) береді. Уәкілетті орган эскизді (эскиздік жобаны) бес жұмыс күні ішінде келіседі.";

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"42. Уәкілетті орган мемлекеттік сәулет сараптамасы мен мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы бар ЖСҚ негізінде объектіні салуға он жұмыс күні ішінде жазбаша рұқсат (бұдан әрі - жазбаша рұқсат) береді.";



47-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"2) заңды тұлғалар үшін - заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің\* немесе анықтаманың көшірмесі, жеке тұлғалар үшін - жеке басын куәландыратын құжат және дара кәсіпкерді тіркеу туралы куәлік;

ескертпе:\* - "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.";

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Ұлттық паркке келіп түскен өтінімді осы Қағидалардың 17-тармағына сәйкес құрылатын комиссия он бес жұмыс күні ішінде қарап, жер учаскесін пайдалануға беру немесе беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды.";

51-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Уәкілетті орган комиссия хаттамасының негізінде жеті жұмыс күні ішінде өтінім берушіге ұлттық парктің учаскесін қысқа мерзімді пайдалануға жазбаша рұқсат береді.";

52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"52. Мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерін сақтау жөніндегі, санитариялық-гигиеналық және өртке қарсы іс-шараларды қоса алғанда, уәкілетті органның қысқа мерзімді пайдалануға берген рұқсатының, хаттаманың және ұлттық парктің учаскесін пайдалану және көркейту жоспарының негізінде ұлттық парктің бірінші басшысы мен өтінім беруші жер учаскесін қысқа мерзімді пайдалану шартына қол қояды.".

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 26 маусымдағы  
№ 702 қаулысына  
1-қосымша

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 26 маусымдағы  
№ 702 қаулысына  
2-қосымша

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің

2014 жылғы 26 маусымдағы

№ 702 қаулысына

3-қосымша

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2014 жылғы 26 маусымдағы

№ 702 қаулысына

4-қосымша

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2012 жылғы 31 мамырдағы

№ 705 қаулысымен бекітілген

Әкімшілік органның Құрып кету қаупі

төнген жабайы фауна мен флора

түрлерімен халықаралық сауда

туралы конвенция қолданылатын

жануарлар түрлерін Қазақстан

Республикасының аумағына әкелуге

және Қазақстан Республикасының

аумағынан әкетуге рұқсаттар беру

қағидаларына

1-қосымша

Құрып кету қаупі төнген жабайы  
фауна мен флора түрлерімен  
халықаралық сауда туралы  
конвенция жөніндегі әкімшілік  
органның ғылыми ұйымы

\_\_\_\_\_

(заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның

\_\_\_\_\_

(дара кәсіпкердің) тегі, аты, әкесінің аты,

\_\_\_\_\_

мекенжайы

\_\_\_\_\_

телефон мен факстің нөмірі)

## **Үлгілерді әкелуге, әкетуге ғылыми қорытынды алуға арналған ӨТІНІШ**

Үлгілерді әкелуге, әкетуге арналған ғылыми қорытынды беруіңізді  
сұраймын

\_\_\_\_\_

(қажеттісінің астын сызу)

1	Әкелу, әкету мақсаты (коммерциялық операциялар, ғылыми зерттеулер, цирктерде өнер көрсету немесе жылжымалы көрмелер, хайуанаттар бақтары, ботаникалық бақтар мен мұражайлар арасындағы алмасу, сондай-ақ жеке берулер, аңшылық олжалар және басқалар)
2	Мемлекеттік, орыс және латын тілдеріндегі атауы көрсетілген үлгі
3	Үлгінің сипаттамасы (тірі жануарлар, терілер, тұлыптар, ұшалар, бас сүйектері, мүйіздер, азу тістері, қан, сондай-ақ бұйымдар және басқалар, тірі жануарлар үшін - жынысы мен жасы, ұқсастық белгілерінің бар-жоғы)
4	Үлгілердің саны немесе салмағы
5	Үлгілердің шығу тегі (табиғаттан алынды, жасанды жолмен шығарылды немесе өсірілді немесе басқа елден қандай құжаттардың негізінде импортталды, тәркіленді, сатып алынды, сый немесе мұра ретінде алынды және басқалар)
6	Экспорттаушының және импорттаушының орыс және ағылшын тілдеріндегі заңды мекенжайы, олардың телефондары немесе факстары (жеке тұлғалар үшін - үйінің мекенжайы, паспорттық деректері )

Қазақстан Республикасы  
 Үкіметінің  
 2014 жылғы 26 маусымдағы  
 № 702 қаулысына  
 5-қосымша  
 Қазақстан Республикасы  
 Үкіметінің  
 2012 жылғы 31 мамырдағы  
 № 705 қаулысымен бекітілген  
 Әкімшілік органның Құрып кету қаупі  
 төнген жабайы фауна мен флора  
 түрлерімен халықаралық сауда  
 туралы конвенция қолданылатын  
 жануарлар түрлерін Қазақстан  
 Республикасының аумағына әкелуге  
 және Қазақстан Республикасының  
 аумағынан әкетуге рұқсаттар беру  
 қағидаларына  
 2-қосымша

Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна  
 мен флора түрлерімен халықаралық  
 сауда туралы конвенция жөніндегі  
 әкімшілік орган

\_\_\_\_\_

(заңды тұлғаның толық атауы, жеке тұлғаның

\_\_\_\_\_

(дара кәсіпкердің) тегі, аты, әкесінің аты,

\_\_\_\_\_

мекенжайы,

\_\_\_\_\_

телефон мен факстің нөмірі)

# Үлгілерді әкелуге, әкетуге рұқсат алуға арналған ӨТІНІШ

Үлгілерді әкелуге, әкетуге рұқсат беруіңізді сұраймын

(қажеттісінің астын сызу)

1	Әкелу және әкету мақсаты (коммерциялық операциялар, ғылыми зерттеулер, цирктерде өнер көрсету немесе жылжымалы көрмелер, хайуанаттар бақтары, ботаникалық бақтар мен мұражайлар арасындағы алмасу, сондай-ақ жеке берушілер, аңшылық олжалар және басқалар)
2	Мемлекеттік, орыс және латын тілдеріндегі атауы көрсетілген үлгі
3	Үлгінің сипаттамасы (тірі жануарлар, терілер, тұлыптар, ұшалар, бас сүйектері, мүйіздер, азу тістері, қан, сондай-ақ бұйымдар және басқалар, тірі жануарлар үшін - жынысы мен жасы, ұқсастық белгілерінің бар-жоғы)
4	Үлгілердің саны немесе салмағы
5	Үлгілердің шығу тегі (табиғаттан алынды, жасанды жолмен шығарылды немесе өсірілді немесе басқа елден қандай құжаттардың негізінде импортталды, тәркіленді, сатып алынды, сый немесе мұра ретінде алынды және басқалар)
6	Экспорттаушының және импорттаушының орыс және ағылшын тілдеріндегі заңды мекенжайы, олардың телефондары немесе факстары (жеке тұлғалар үшін - үйінің мекенжайы, паспорттық деректері )

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2014 жылғы 26 маусымдағы  
№ 702 қаулысына  
6-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2012 жылғы 31 мамырдағы  
№ 705 қаулысымен бекітілген  
Әкімшілік органның Құрып кету қаупі  
төнген жабайы фауна мен флора  
түрлерімен халықаралық сауда туралы  
конвенция қолданылатын жануарлар  
түрлерін Қазақстан Республикасының  
аумағына әкелуге және Қазақстан  
Республикасының аумағынан әкетуге  
рұқсаттар беру қағидаларына  
1-қосымша

Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерімен халықаралық сауда туралы конвенция (CITES)	ТҮПНҰСҚА Original	Convention on International Trade in Endangered Species of Wild Fauna and Flora (CITES)
Қазақстан Республикасы Қоршаған орта	Экспорт Export	

<p>және су ресурстары министрлігі Министерство окружающей среды и водных ресурсов Республики Казахстан Ministry of Environment and Water Resources of the Republic of Kazakhstan</p> 	Импорт Import	Қазақстан Республикасындағы СИТЕС			
	Реэкспорт Reexport	әкімшілік органы Административный орган СИТЕС в Республике Казахстан Management Authorities for CITES in the Republic of Kazakhstan			
	Өзгелері Other				
		010000, Ministry House, Orynbor 8, Astana city, Republic of Kazakhstan Tel.: (+7172) 743325 Fax: (+7172) 743300			
Экспорттаушы / Реэкспорттаушы: Exporter / Re-exporter:		Рұқсат №: Permit №:			
		Қорғаныш маркасы №: Security stamp №:			
		Дейін жарамды: Valid until:			
Импорттаушы: Importer:		Ерекше шарттар: Special conditions:			
Тірі жануарлар үшін бұл рұқсат тасымалдау шарттары СИТЕС ұсынымдарына, ал авиатасымалы жағдайында ИАТА қағана жарамды For live animals this permit is only valid if the transport conditions conform to the CITES Guidelines for Transport of Live or, in the case of air transport, to the IATA Live Animal Regulations					
Жануардың орысша және латынша атауы Russian and scientific name of animal	Салынған енді қоса алғанда, үлгінің сипаттамасы Description of specimens, including identifying marks or numbers	Қосым-шаппен-дix	Көзі Source	Мақсаты Purpose	Даналар саны немесе салмағы Quantity: number of specimens or weight
A		Шыққан елі Country of origin			Рұқсаттың нөмірі және күні Permit № and date

B		Шыққан елі Country of origin	Рұқсаттың нөмірі және күні Permit № and date
	<p>Осы рұқсат берілді: This permit was issued on: _____</p> <p>Күні/ Date Қорғаныш маркасы, қолы және мөрі Қазақстан / Kazakhstan Security stamp, signature and official seal</p>		
Экспортты / реэкспортты растау		Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан өту бекетінде толтырылады	
Үлгінің атауы	Саны	Өткізу бекеті _____	
A		Күні _____	
B		Лауазымды адамның қолы және мөр: _____	
		Консаменттің/авиақұжаттың нөмірі: _____	
CITES PERMIT/CERTIFICATE №			

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ